



КАЗАНСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЙ



**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»
MAVZUSIDAGI II XALQARO
ILMIY-NAZARIY KONFERENSIYA**

TOSHKENT - 2025

**O'ZBEKISTON RESPUBLIKASI OLIY TA'LIM, FAN VA
INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI**

**ALISHER NAVOIY NOMIDAGI TOSHKENT DAVLAT
O'ZBEK TILI VA ADABIYOTI UNIVERSITETI**

**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»**

**MAVZUSIDAGI II XALQARO ILMIY-NAZARIY
KONFERENSIYA MATERIALLARI**

TOSHKENT - 2025



Mazkur ilmiy maqolalar to'plamida «Turkiy xalqlarning ma'naviy integratsiyasi: tili, adabiyoti, madaniyati» II Xalqaro ilmiy-amaliy konferensiyasi materiallari jamlangan. Maqolalarda turkiy tillarning rivoji va o'zaro o'xshashliklarini, umumiy adabiy merosimizni ilmiy asosda chuqur o'rganish; madaniy aloqalarni zamonaviy texnologiyalar orqali kengaytirish; tarjima va adabiy almashinuv orqali xalqaro miqyosda muloqotni kuchaytirish; raqamli platformalar orqali integratsiyani amalga oshirishga oid fikrlar yoritib berilgan. To'plamdan dunyo bo'yicha taniqli turkiyshunos olimlar, metodistlar, o'qituvchilar hamda ToshDO'TAU iqtidorli talabalarining maqolalari ham o'rin olgan.

To'plam til va adabiyot ta'limi bilan shug'ullanuvchi professor-o'qituvchilar, shu sohaning tadqiqotchilari, magistrant va talabalarga mo'ljallangan.

Taqrizchilar:

G.Asilova – *pedagogika fanlari doktori (DSc), professor.*

G.Norimova – *filologiya fanlari nomzodi, dotsent.*

Tahrir hay'ati:

S.Muhamedova, S.Qambarova, O.Turaqulova,
Y.Shirnova, M.Yo'ldosheva.

Mazkur to'plam matni Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti Kengashining 2025-yil 2-iyundagi 10-sonli majlisida muhokama qilinib, nashrga tavsiya qilingan.

Izoh: Maqolalarning ilmiy saviyasi uchun mualliflar o'zlari mas'uldirlar.



DOI: 10.52773/tsuull.conf.2025/UTBR4087

ОЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ОРТАҚ ТАНЫМ: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қ.С.Қалыбаева

Филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы

ҚазҰПУ-дың профессоры

Казахстан. Алматы

E-mail azkal2015@bk7ru

Mob.+7(707)646-62-17

Аннотация. В данной статье на основе фразеологизмов казахского и узбекского языков рассматриваются общие мировоззренческие, историко-культурные и этнолингвистические сходства тюркских народов. Через устойчивые выражения отражаются образ жизни народов, нормы поведения, воспитательные взгляды и духовная сущность. Автор, приводя сравнительные примеры, раскрывает этнокультурное значение фразеологизмов.

Ключевые слова. Фразеологизм, этнолингвистика, сопоставительный анализ, казахский язык, узбекский язык, тюркские народы, культура, мировоззрение, историческое единство.

Abstract. This article explores the shared worldview, historical and cultural unity, and ethnolinguistic similarities of Turkic peoples based on phraseological units in the Kazakh and Uzbek languages. Through fixed expressions, the way of life, behavioral norms, educational values, and spiritual identity of the peoples are reflected. By providing comparative examples, the author reveals the ethnocultural significance of these phraseological expressions.

Key words: Phraseologism, ethnolinguistics, comparative analysis, Kazakh language, Uzbek language, Turkic peoples, culture, worldview, historical unity.

Тіл – халықтың рухани жадын сақтайтын ең басты құрал. Әсіресе, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер – ұлттың тұрмыс-салты, дүниетанымы мен менталитетінің көрінісі. Түркі халықтарының ішінде өзбек пен қазақ халықтары ғасырлар бойы тарихи, географиялық, мәдени және тілдік жақындықта өмір сүріп келеді. Бұл тілдердің тарихи байланысы – түркі тілдер тобының, соның ішінде қыпшақ және қарлұқ тармақтарының даму тарихымен тығыз байланысты. Бұл байланыстар тек лингвистикалық қана емес, тарихи, мәдени және этникалық тұрғыдан да өте маңызды. **Орта Азия Ренессансы** кезінде (IX–XII ғғ.) өмір сүрген түркі ойшылдары – Әлішер Науаи, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн сияқты тұлғалар екі халықтың де әдеби тілінің қалыптасуына зор ықпал етті[1,28]. Сондықтан олардың фразеологиялық қорында да ұқсас әрі ортақ мазмұнды тұрақты тіркестер аз емес.

Фразеологизмдер — тілдің бейнелілік қазынасы, халықтың дүниетанымын, рухани және мәдени өмірін көрсететін маңызды лингвистикалық құралдардың бірі. Әрбір ұлттың өзіне тән тілдік ерекшелігі болғанымен, туыстас халықтар арасында ортақ ұғымдар мен тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Осы мақалада қазақ және өзбек



тілдеріндегі фразеологизмдер негізінде екі халықтың ортақ дүниетанымы, рухани жақындығы мен этнолингвистикалық ұқсастықтары сараланады. Бұл салыстырмалы талдау арқылы фразеологизмдердің тек тілдік емес, сонымен қатар мәдениетаралық және тарихи маңызын ашу көзделеді.

Фразеологизмдер — тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен қатар халықтың тарихи, әлеуметтік, мәдени тәжірибесінің көрінісі. Олар белгілі бір халықтың өмір салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі мен дүниетанымынан хабар береді. Бір кездері біртұтас қоғамдық кеңістікте ұзақ ғасырлар бойы тығыз қарым-қатынаста өмір сүріп, кейіннен жеке халық дәрежесіне ыдырап кеткен түркі халықтарының тілдеріндегі тарихи байланыс осы кезге дейін жойылған емес. Себебі, тілдің қазіргі синхронды даму ерекшеліктері тарихи диахрондық қалпынан мүлде қол үзіп кете алмайды. Сондықтан да түркі фразеологизмдерін салыстыра зерттеу бұл арғы тарихи байланысты ғана танытып қоймай, менталдық ұқсастық пен ерекшелікті де саралауға көмектеседі.

Фразеологизмдер – сөздердің тұрақты тіркеске түсіп, біртұтас мағына беретін күрделі лексикалық бірліктер. Олар тек тілдік бірлік емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, наным-сенімін көрсететін мәдени-рухани код болып табылады. Төркіндес тілдерді салғастырудың, салыстырудың тіларалық деңгейі өзара алыс немесе жақын туыстық қатыстағы тілдердің құрылымдық және мағыналық жақындығынан ғана емес, сонымен қатар салыстырылатын бірліктердің материалдық жақындығынан да көрінетін тарихи тілдік ортақтықты айқындауға жетелейтіні белгілі [2, 7 б.]

Тұрақты тіркестен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, әсерлі мағынада қолданылады. Сонымен қатар жағымды жағымсыз мәні болады. Ал, фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, оның үстіне бейнелеп, суреттеп көз алдыға келтіреді», - деген тұжырым жасайды.

Г.Смағұлова «Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, ол тек өз өрісінде өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл күйін эмоционалдық экспрессивтік бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі» деп көрсетеді [3, 23 б.]. Қос халықта да үлкенге құрмет, қарияға сыйластық ерекше орын алған. Бұл ұстаным фразеологиялық бірліктерде нақты көрініс табады.

Қазақ тілі

Өзбек тілі

Мағынасы

Ата жолын ұстау Ота-она йўлидан бориш Ата-баба дәстүрін жалғастыру

Ақ сақалды ата Оқ сақолли ота Құрметті, тәжірибелі қария

Ана сүтін ақтау Она сутидан чиқмоқ Ана еңбегін өтеу



Бұндай ұқсастықтың тарихи сабақтастығының негізгі бір себебі, XV ғ. дейін түркі халықтарының бір жазба тілді пайдалануы. Яғни ортақ тілде қарым қатынаста болуы. Бұл туралы А.М.Щербак бұл туралы былай дейді: «Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует про языковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений» [4, 22 с.].

Лексикалық құрам мен грамматикалық сипатында айырмашылық бар, алайда образдық негіз бен семантикалық жақтан үйлесетін фразеологизмдер. Мұндай фразеологиялық бірліктердің көбінесе лексикасында айырмашылық болғанымен, семантикалық мағынасы бірдей болып келеді. Яғни компоненттік құрам тұрғысынан жартылай, ал синтаксистік құрылым мен мазмұны жағынан толықтай үйлесім табатын фразеологизмдер. Мысалы, қазақ тіліндегі *көзі шарасынан шықты* тіркесі өзбек тілінде *көзи ташқори чиқиб кетти* болып айтылады. Екі тілде де беретін мағынасы «не істерін білмей қатты сасу, үрейі ұшу». Көздің шарасынан шығуы, яғни көз өз аясына бағынбай бақырайып кету ұғымын береді. Бұл жерде *шара* сөзі көне түркі тілінде «дөңгеленген, домалақ» деген ұғымда жұмсалған. Сонда қазақ тілінде көне түркілік *шара* сөзі сақталып қалған да, өзбек тілінде ол қолданыстан шығып *ташқари*, яғни қазіргі әдеби тілде актив қолданылатын *тыс, сырт* сөзі ауыстырған.

Сол сияқты қазақ тіліндегі *көңілі жайлану* мен өзбек тіліндегі *кунгли жойғатушди* тіркестері екі тілде де «дегені болды, жаны жай тапты, іштей риза болды, ойындағысындай шықты» деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі *жайлану* сөзінің орнына өзбек тілінде *жойғатушди* лексикасы қолданылған. Тікелей аударғанда «жақсы жайлы орынға, жерге түсті» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, өзбектегі *қамчишидан қон томади* тіркесі қазақ тілінде *қылышынан қам таму* формасында қолданылады [5, 32 с.]. Бірақ беретін мағыналары екі тілде де «қаһарлы, қан көксеген, аямайтын қатыгез». Бұл жерде керісінше, өзбек тілінде тіркестің көне варианты сақталып қалған деуге негіз бар. Себебі, көшпелі түркілер қылыш пайда болған заманға дейін қамшы, шоқпар ұстағандары мәлім. Ал қазақ тіліндегі *қылыш* сөзінің фразеологиялық тіркеске қай кездері енгендігін өз алдына этимологиялық зерттеу жүргізу арқылы анықтау қажет деп табамыз.

Лексикалық құрам мен грамматикалық сипатында айырмашылық бар, алайда образдық негіз бен семантикалық жақтан үйлесетін фразеологизмдер. Мұндай фразеологиялық бірліктердің көбінесе лексикасында айырмашылық болғанымен, семантикалық мағынасы бірдей болып келеді. Яғни компоненттік құрам тұрғысынан жартылай, ал синтаксистік құрылым мен мазмұны жағынан толықтай



үйлесім табатын фразеологизмдер. Мысалы, қазақ тіліндегі *көзі шарасынан шықты* тіркесі өзбек тілінде *көзи ташқори чиқиб кетти* болып айтылады. Екі тілде де беретін мағынасы «не істерін білмей қатты сасу, үрейі ұшу». Көздің шарасынан шығуы, яғни көз өз аясына бағынбай бақырайып кету ұғымын береді. Бұл жерде *шара* сөзі көне түркі тілінде «дөңгеленген, домалақ» деген ұғымда жұмсалған. Сонда қазақ тілінде көне түркілік *шара* сөзі сақталып қалған да, өзбек тілінде ол қолданыстан шығып *ташқары*, яғни қазіргі әдеби тілде актив қолданылатын *тыс, сырт* сөзі ауыстырған.

Сол сияқты қазақ тіліндегі *көңілі жайлану* мен өзбек тіліндегі *кунгли жойғатушди* тіркестері екі тілде де «дегені болды, жаны жай тапты, іштей риза болды, ойындағысындай шықты» деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі *жайлану* сөзінің орнына өзбек тілінде *жойғатушди* лексикасы қолданылған. Тікелей аударғанда «жақсы жайлы орынға, жерге түсті» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, өзбектегі *қамчишидан қон томади* тіркесі қазақ тілінде *қылышынан қам таму* формасында қолданылады. Бірақ беретін мағыналары екі тілде де «қаһарлы, қан көксеген, аямайтын қатыгез». Бұл жерде керісінше, өзбек тілінде тіркестің көне варианты сақталып қалған деуге негіз бар. Себебі, көшпелі түркілер қылыш пайда болған заманға дейін қамшы, шоқпар ұстағандары мәлім. Ал қазақ тіліндегі *қылыш* сөзінің фразеологиялық тіркеске қай кездері енгендігін өз алдына этимологиялық зерттеу жүргізу арқылы анықтау қажет деп табамыз. Қазақ тіліндегі *бөркін аспанға ату* мен өзбек тіліндегі *дуппини осмонға отмоқ* фразеологизмдері «қатты қуану, ерекше шаттану» ұғымында жұмсалады. Тек қана бас киімнің қазақ тілінде *бөрік*, өзбек тілінде *дуппи* болып аталуынан лексикалық айырмашылық туындаған. Қазақ тілінде осы тіркестің кейіннен пайда болған *шапкісін аспанға ату, шляпасын аспанға ату, тақиясын аспанға ату* сияқты варианттары бар. Бұны *бөрік* сөзінің историзмге айналып, қолданыстан шығып қалу себебінен болған құбылыс деп қабылдаймыз.

Қазақ пен өзбек халықтары тарихи тұрғыдан тығыз байланыста өмір сүріп келгенімен, олардың фразеологиясынан әр ұлттың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен психологиялық ерекшеліктері де көрініс табады. Фразеологиялық тіркестер – халықтың ұлттық болмысының, менталитетінің, рухани дүниесінің тілдік бейнесі. Олар әр халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін, күнделікті өмір тәжірибесін, тарихи жадысын бейнелейді. Кезінде қазақ халқының тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті туралы құнды пікірлер қалдырған түркітанушы В.Радлов төрт түлік малдың қазақ тіршілігінің ажырамас бөлігі болып, оны тіліне зор әсер еткендігі туралы: «Малға тәуелділігін қазақтар әр қас қағым сәтте сезініп отырады. Сондықтан өздерінің барлық әдет-ғұрып, салт-санасын малмен байланыстырып отырады» - деген болатын [6, 64 б.]. Бұл тек қазақ қана емес бүкіл түркі халықтарына да қатысты екендігін



мойындамасқа болмайды. Себебі, бүкіл түркі халықтары мал шаруашылығымен тіршілік кешкен. Сондықтан да қай түркі тілдері болмасын, олардың лексикалық қорында зоонимдік атаулар мен тұрақты сөз тіркестері өте молынан кездеседі.

Қазақ мәдениетінде:

Мал шаруашылығына қатысты фразеологизмдер өте көп: «жылқы мінезді», «түйедей көріну», «қой аузынан шөп алмайтын».

Өзбек мәдениетінде:

Екіншілікке, отырықшылыққа тән бейнелер жиі кездеседі: «пиёздек етилиши» (пияздай жетілу), «мушкулни дон кўрди» (қиындықты дәндей көру).

Мысалы өзбек халқы есек малын тұрмыстарының негізгі көзі ретінде пайдаланатындықтан, осы жануарға қатысты қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын тіркестер мен мақал мәтелдер бар:

*Эчкининг ажали етса, қассобни сузади
Ешкінің ажалы жетсе, қасапты сүзеді*

*Эчкининг шохи, отнинг туеғи хавфли, надоннинг хамма иоғи
Ешкінің мүйізі, аттың тұяғы қауіпті, наданның барлық жағы*

*Эшагидан туқими қиммат
Есегінен тоқымы қымбат*

*Эшагидан тушови қиммат
Есегінен тұсауы қымбат*

Бұл тіркестер әр халықтың шаруашылық-мәдени өмірімен тікелей байланысты.

Орталық Азияны мекен еткен түркі халықтары сан ғасырлар бойы біртұтас қоғамда өмір сүріп «көшпелілер мәдениетінің» жоғары сатысын қалыптастырғаны тарихтан мәлім. Түркі халықтарының мәдениеті, тілі, ділі, діні тарихи сабақтастықта дамып қалыптасқандығы философиялық, филологиялық, т.б. тұрғысынан егемендік алғаннан кейінгі жылдардан бермен қарай толассыз зерттеліп жатыр. Бұның басты себебі, Кеңестік құрсауда қалған түркі жұртшылығы «өздерінің түпкі тарихын» ашық айтуда көптеген кедергілерге ұшыраған болатын. Егемендіктің арқасында қазақ халқы да «ұлттық тарихын», «ұлттық құндылықтарын» қайтадан жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеуге бет бұрды. Осының нәтижесінде тілдік деңгейлерді де тарихи тұрғыдан бір-бірімен салыстыра, салғастыра қарастыру үрдісі қарқынды дамыды.

Қазақ және өзбек тілдерінің түп тегі түркі ортақтығына барып саятындықтан, бұл екі тілде ұқсас фразеологизмдер өте мол болып келеді. Осы тілдерде орын алатын лексикалық параллельдер, ұқсас қосымшалар



мен дыбыстар сәйкестігі де қыпшақ пен қарлұқ топтарының бір текке (түркі) жататындығымен байланысты екендігі анық.

Қазақтар – көшпелі халық, ал өзбектер – отырықшы. Осы ерекшелік олардың фразеологиясына да ықпал етеді.

Қазақ және өзбек фразеологиясында ұлттық дәстүрлердің іздері көрінеді. Ал қазақ және өзбек тілдеріндегі тарихи сабақтастықтағы фразеологиялық эквиваленттілікті екі тілдің фразеологиялық бірліктерін бір-бірімен мағыналық, компоненттік құрамдық, құрылымдық деңгейлерде салыстырып талдау арқылы айқындауға болады. Бұл жерде ең бірінші мағыналық деңгейге басты назар аудару қажет.

Бұл жерде өзбек және қазақ фразеологиялық жүйесіндегі эквиваленттілік дегенді екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің грамматикалық-құрылымдық ерекшеліктері, стилистикасы ескеріліп, ортақ обарзға негізделген, мағынасы мен лексикалық құрамы толық не жартылай сәйкес түсетін фразеологизмдер деп түсіну керек. Фразеологиялық эквиваленттілікті анықтау арқылы ғана олардың тарихи сабақтастығына көз жеткізуге болады. Ал екі тілдегі ұқсас емес фразеологизмдерді диахрондық тұрғыдан алғанда бір негізден өрбіген, алайда тілдердің жеке дамуы барысында өзгеріске ұшырап алшақтап кеткен құбылысқа жатқызуға болады. Мысалы, қазақта «*жамбы ату*», «*түйеге мінгізу*» сияқты тіркестер көне салттармен байланысты. Өзбектерде «*келин тушириш*», «*супра ёзиш*» (дастарқан жаю) тәрізді тіркестер бар. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі фразеологиялық жүйеге еніп, ұлттық ерекшелікті танытады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Екі ұлт та мұсылман дінін ұстанады. Сондықтан діни мәндегі фразеологизмдер екі тілде де ұқсас келеді:

Қазақ тілінде: «*Алланың алдына бару*», «*құдай сақтасын*»

Өзбек тілінде: «*Аллоҳнинг ҳузурига бориш*», «*Аллоҳ асрасин*» [6, 64 б.].

Сонымен қатар, мифологиялық элементтер де бар:

Қазақта: «*жын ұрған*» – есінен адасқан

Өзбекте: «*жин урган*» – ақылынан айрылған

Кейбір фразеологизмдер бірдей мағына бергенімен, оларда қолданылған образ, бейне әртүрлі болады:

Мағына	Қазақша	Өзбекше
Қорқу	Зәресі ұшу	Жони чиқмоқ
Ұялу	Жерге кіріп кеткісі келу	Ер юзига қарай олмаслик
Жылдам әрекет	Желдей есу	Ҳаводек учмоқ



Бұл айырмашылықтар тілдің көркемдік жүйесіне, ұлттық бейнелеу дәстүріне байланысты. Қазақ пен өзбек тілдерінің фразеологиясы бір-біріне жақын болғанымен, әрқайсысының ұлттық болмысына сай өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер халықтың өмір салты, тарихи-мәдени дамуы, дүниетанымы, салт-дәстүрлері негізінде қалыптасқан. Сол арқылы әр халықтың өзіне тән рухани келбеті мен мәдени коды көрінеді. Фразеологизмдер – ұлттың рухани жадын сақтайтын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды мұра. Жалпы әр түрлі тілдерде мағыналас, ұқсас фразеологизмдердің тууына адам баласының ойлау мен қабылдау жүйесінің негізінен бірдей болатындығы әсер ететіндігі ғылымда әлдеқашан мойындалды. Біз де осы қағиданы басшылыққа ала отырып, қазақ, өзбек тілдеріндегі фразеологизмдердің эквиваленттілік пен тарихи сабақтастық себептерін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардан іздестіруге талпындық. Мұндай факторларға, атап айтқанда,

- 1) Арғы тегі түркі тілдерінің ортақтастығына алып баратын қазақ және өзбек тілдерінің төркіндік сипаты;
- 2) Қазақ және өзбек тайпаларының XV ғасырға дейінгі «біртұтас қоғамдық» қарым-қатынасы.
- 3) Тарихи жазбалар мен ескерткіштер тіліндегі өзбек тілі лексикасының басым қолданыста болғандығы[7, 94 б.] .

Міне осылайша, қазақ пен өзбек халықтарының өмір-тіршілік аясындағы, діні мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып саласындағы көшпелі өмір салты тудырған ортақтықтар мен ұқсастықтар – екі тілдегі фразеологиялық эквиваленттілікті тудырған негізгі экстралингвистикалық фактор болып табылады. Қорыта айтқанда, қазақ пен өзбек халықтарының ортақ географиялық кеңістікте, біртұтас қоғамда өмір сүруі олардың тілдеріндегі ұқсас фразеологиялық бірліктер арқылы айқын көрінеді. Сондай-ақ мынау өзбектікі, мынау қазақтікі деп ара жігін нақты ажыратып тастауға келмейтін ортақ сөздердің, грамматикалық тұлғалардың көптігі, ортақ элементтердің тіл деңгейлерінің барлық саласында кездесуі сол тілдердің тарихи сабақтастығы көне дәуірлерден бастау алатындығының айқын дәлелі болмақ. Сондықтан түркі халықтарының сан ғасырлар бойы жасаған “көшпелілер мәдениеті” адамзат өркениетінің, ал қазақ, өзбек халықтарының мәдениеті көне түркілер мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. *Көне мәдениет жазбалары*. – Алматы: 1994. – 352 б.
2. Қалыбаева Қ. *Салыстырмалы түркі фразеологиясы*. – Алматы, 2009, 204б.
3. Смағұлова Г. *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері*. - Алматы: Ғылым, 1998. – 198 б
4. Щербак А.М. *Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков*. М., 1960. С. 82-172



5. Копыленко М., Попова З. Очерки по общей фразеологии. –Воронеж: изд-во ВГУ, 1972. –122 с.
6. Рахматуллаев Ш. Узбек тилининг қисқача фразеологик луғати. –Тошкент: «Фан» нашриети, 1964.
7. Шерматов А. Узбекские народные говоры Кашкадарьинской области. – Ташкент: Фан, 1978. – 144 с.

DOI: 10.52773/tsuull.conf.2025/UKCN3710

MATN TUZILISHINI BELGILOVCHI KOMPONENTLAR TAHLILI

Mavlonova Klaraxon Mahmudovna

*Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti
professori, pedagogika fanlari doktori (DSc)*

klaramavlonova78@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4954-9996

Annotatsiya. Ushbu maqolada 5–9-sinf ona tili darslarida o'quvchilarga matn tuzilishini o'rganish imkonini beradigan, ya'ni ta'limiy birliklarni o'zida aks ettiradigan komponentlarni aniqlashtirish, ular yuzasidan qoidalar shaklida qanday bilimlar berish kerakligi muammosini lingvistik asoslarni aniqlab olish orqaligina hal etish mumkinligi masalasi tadqiq etilib, matn tilshunosligiga doir ilmiy-nazariy manbalar asosida matn tuzilishini belgilovchi komponentlarni aniqlashtirish bilan bog'liq tahlillar amalga oshirilgan, matnning kichik bir qismi orqali butun matn tuzilishini o'rgatish qulay bo'lgan yaxlit bir komponentni (aniq til birliklari jamlamasini) ajratish, atash va shu komponent asosida matnning tuzilish xususiyatlari yuzasidan ma'lumotlarga ega bo'lish, matn tuzishga doir qoidalarni shakllantirish va mashqlar tizimini ishlab chiqish masalasi yoritilgan.

Kalit so'zlar: muloqot birligi, matn lingvistikasi, matn tuzilishi, matn qismlari, abzas, murakkab sintaktik butunlik, xatboshi, shakliy komponent, til ta'limi.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о выделении компонентов, отражающих учебные единицы в преподавании родного языка в 5–9 классах, предоставляющих учащимся возможность изучать структуру текста. В статье утверждается, что для решения этой проблемы необходимо выявить лингвистические основы, чтобы определить, какие знания о структуре текста следует преподавать в форме правил. На основе научно-теоретических источников в области лингвистики текста проводится анализ с целью выявления компонентов, определяющих структуру текста. Обсуждается подход к обучению всей структуре текста через небольшой, но целостный компонент (определенный набор языковых единиц), как оформить и назвать этот компонент, и как он может служить основой для понимания особенностей текста, формирования правил композиции текста и разработки системы упражнений.

Ключевые слова: коммуникативная единица, лингвистика текста, структура текста, компоненты текста, абзац, сложное синтаксическое целое, отступ, структурный компонент, языковое образование.

Abstract. This article explores the issue of identifying components that reflect educational units in teaching native language classes in grades 5–9, providing students with the opportunity to study text structure. The article argues that solving this problem requires identifying linguistic foundations to determine what kind of knowledge about text structure should be taught in the form of rules. Based on scientific and theoretical sources in the field of text linguistics, analyses are conducted to identify the components that define the structure of



MUNDARIJA

Hüseynova Mahirə Nağı qızı. AZƏRBAYCAN VƏ ÖZBƏK DİLLƏRİNDƏ HİDRONİMİK VAHİDLƏRİN MÜQAYİSƏLİ-LİNQVİSTİK TƏHLİLİ	5
Зулпукаров Капар, Талипова Сахида Эргешбаевна. ОБ ОДНОМ ПОДХОДЕ К СРАВНИТЕЛЬНОЙ ХАРАКТЕРИСТИКЕ ГРАММАТИЧЕСКИХ ФУНКЦИЙ ПАДЕЖНЫХ СУФФИКСОВ В УЗБЕКСКОМ И КЫРГЫЗСКОМ ЯЗЫКАХ	12
Adilbekova Elmira Seytimovna, Сұлтан Саният Бауыржанқызы. ABAY ESERLERİNDE İDEAL İNSAN: AHLÂK, BILGI VE İRFAN EKSENİNDE İNSAN-I KÂMİL	21
Sulton Tulu. "DADA QO'RQUT KITOBİ"NING YANGI TOPILGAN BURSA QO'LYOZMASI	30
Найманбай Айнұр Рахымбердіқызы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫН	37
Самситова Луиза Хамзиновна. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА И ОБРАЗОВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ БАШКОРТОСТАН	44
Mirvari İsmayilova Abbas qızı. AZƏRBAYCAN MƏTBƏX MƏDƏNİYYƏTİNİN MİLLİ İDENTİKLİYİ (və yaxud etnokulturoloji səciyyəsi)	52
Mustafa NERKİZ. KAZAK VE ÖZBEK ATASÖZLERİNDEN HAREKETLE KOLEKTİF BİLİNÇ VE BİRLİK KAVRAMI	65
Қ.С.Қалыбаева. ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ОРТАҚ ТАНЫМ: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	74
Mavlonova Klaraxon Mahmudovna. MATN TUZILISHINI BELGILOVCHI KOMPONENTLAR TAHLILI	81
Кобыскан Александр Степанович. ЛЕТНИЕ ЛАГЕРЯ КАК ПРОСТРАНСТВО ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ: ОПЫТ БАШКОРТОСТАНА	87
Kambarova Saodat Irkinovna. O'QUVCHILARNING OBRAZLI TAFAKKURINI RIVOJLANTIRISHGA DOIR YONDASHUVLAR	95
I SHU'BA. TURKIY XALQLAR ADABIYOTI VA XALQ OG'ZAKI IJODI MASALALARI	
Ubaydullayeva Rayxon Abdujalil qizi. AHMAD A'ZAMNING "RO'YO YOXUD G'ULISTONGA SAFAR" ASARIDA INTERYER TASVIRI	101
Sayali Safarova. "AZƏRBAYCAN OĞLU ÖZBƏK ŞAIRİ" MAQSUD ŞEYXZADƏ YARADICILIĞINA NƏZƏR	107
Маметова Дильфуза Алимовна, Алтынбекова Ақерке Ерболатқызы. TÜRK HALK GELENEĞİNDE HOCA NASREDDİN: MİZAHIN VE HİKMETİN SİMGESİ	113
Адилбекова Эльмира Сейтимовна, Берікқызы Сая. TÜRK DESTAN ÇALIŞMALARI VE EPIK GELENEKLERİ HAKKINDA BAZI	123

